

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАУАРЛАР
МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ**



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА
И БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050010 Алматы қаласы, Жібек жолы д-лы, 5
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

050010 город Алматы, пр. Жибек жолы, 5
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ**

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ**

**ҚАУЛЫ
15.10.2020ж. № 63**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№ 63 от 15.10.2020г.**

**Алматы қаласында
коронавирустық инфекция
ауруының алдын алу жөніндегі
одан арғы шаралар туралы**

Алматы қаласының тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында (бұдан әрі – COVID-19) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығына сәйкес

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н:

1. Алматы қаласының әкімдігіне, Алматы қаласының кәсіпкерлік субъектілеріне олардың меншік нысанына қарамастан:

1) бір үйде тұратын адамдар санын қоспағанда, 10-нан астам адам қатысатын отбасылық, салтанатты, естелік және басқа да көпшіліктің қатысуымен өткізілетін іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, қыз ұзату, мерейтойлар, еске алу) өткізуге тыйымның сақталуын;

01510

2) халыққа мәдени және ойын-сауық сипатындағы алуан түрлі қызметтер көрсететін мәдени-демалыс мекемелерінің (караоке, кальян, бильярд, түнгі клубтар, боулинг-орталықтар, жабық үй-жайлардағы аттракциондар, фудкорт, кинотеатрлар, ойын-сауық мекемелері жанындағы балалар ойын алаңдары мен батуттар, ересектер мен балаларға арналған өзге де ойын-сауық орындары) барлық күндері, сондай-ақ демалыс күндері азық-түлік және азық-түлік емес жабық базарлардың жұмысына тыйымның сақталуын қамтамасыз етсін.

2. Заңды тұлғалар, кәсіпкерлік субъектілері ұйымдық-құқықтық нысаны немесе ведомстволық тиістілігіне қарамастан:

1) қызметкерлердің кемінде 30%-ын қашықтықтан жұмыс істеу форматына ауыстыруды қамтамасыз етсін (штат кестесі 30 адамнан көп болғанда).

3. Алматы қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы COVID-19 эпидемиялық тарату тізбегін ұзу мақсатында:

1) симптомсыз және жеңіл нысандағы КВИ-мен ауыратын науқастарды 100% оқшаулау, сондай-ақ үйде анықталмаған пневмониямен ауыратын науқастарды, үй карантинін сақтау шарттарын міндетті түрде орындау туралы қолхат беруді;

2) ҚР БМСд № 43 қаулысының 36-қосымшасына сәйкес жағдайлар болған кезде COVID-19 науқасымен байланыста болған адамдарға (жақын байланыста болған) үйде оқшаулаумен (үй карантині) медициналық бақылау орнатуды. Үйде оқшаулау үшін жағдай болмаған кезде карантиндік стационарға жатқызу ұсынылады;

3) 1-ші және 14-ші күні ПТР әдісімен, сондай-ақ клиникалық көрсетілімдер бойынша зертханалық тексеру жүргізе отырып, 14 күн ішінде байланыста болған адамдарға медициналық бақылау орнатуды;

4) жүргізілген медициналық бақылау нәтижелерін амбулаториялық картаға енгізуді;

5) үй карантинінің сақталуын бақылау үшін байланыста болған адамдарды "телеграмм бот" мобильді қосымшасында тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласының қалалық мобильділік басқармасы:

1) жолаушылар ағынының тығыздығын азайту мақсатында қоғамдық автокөліктің желідегі жұмысын сағат 23.00-ге дейін ұзарта отырып, Алматы қаласының барлық халыққа қызмет көрсету маршруттарына барынша шығуын қамтамасыз етсін.

5. Алматы қаласының цифрландыру басқармасы:

1) азаматтардың жиналатын орындарын анықтау және жедел шаралар қабылдау үшін Алматы қаласындағы коронавирустық инфекциямен күрес жөніндегі ведомствоаралық комиссияға ақпарат беруді;

2) байланыста болғани адамдарды мобильді қосымша арқылы қадағалауды, және оқшаулау шарттары бұзылған жағдайда Алматы қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті мен Алматы қаласының Полиция департаментіне ақпарат жолдауды қамтамасыз етсін.

6. Алматы қаласы аудандарының әкімдері:

1) қоғамдық көлікте, қоғамдық тамақтану объектілерінде және демалыс орындарында (саябақтарда, бульварларда, скверлерде және т.б.) әлеуметтік қашықтық пен маскалық режимнің сақталуын тексеретін шектеу шараларының сақталуын бақылау жөніндегі мониторингтік топтардың жұмысын қайта жандандырып шектеу шараларының бұзылуы туралы материалдарды денсаулық сақтау субъектілеріне (олардың тарапынан аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармаларына ақпарат беру үшін) жолдасын.

7. Алматы қаласының білім басқармасы:

1) мектептер мен балабақшалардағы бастауыш сыныптардағы кезекші сыныптар мен топтардың жұмысын жалғастыра отырып, білім беру (мектептер, балаларды түзету кабинеттері, балалар мен ересектерге арналған білім беру орталықтары) және мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қашықтықтан жұмыс істеу режимін сақтасын.

8. Алматы қаласының тұрғын үй саясаты басқармасы:

1) көп пәтерлі үйлердің кіреберістері мен балалар алаңдарын аптасына 1 рет профилактикалық зарарсыздандыру жұмыстарын қайта бастауды;

2) коронавирустық инфекциямен ауыру жағдайы тіркелген жағдайда тұрғын үйлердің кіреберістеріне қорытынды түріндегі бір рет зарарсыздандыру жүргізуді;

3) тұрғын үйлердің кіреберістеріне профилактикалық мақсатта жиілікпен аптасына 1 рет зарарсыздандыру жүргізуді қамтамасыз етсін.

9. Алматы қаласының әкімдігіне, Алматы қаласы қоғамдық денсаулық басқармасына, Алматы бөлімшелік көліктегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы:

1) 2020 жылғы қазан айының 6-ғы іс-қимыл алгоритміне сәйкес Алматы қаласының халықаралық әуежайында шет елдерден COVID-19 әкелінуін алдын алуға бағытталған жұмысты қамтамасыз етсін.

10. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Алматы қаласында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі одан арғы шаралар туралы 2020 жылғы қазан айының 4-жұлдызындағы №62-қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 14 тармақтың 3) тармақшасы келесідей редакцияда жазылсын:

«3)жұмыс, демалыс және мереке күндері 7:00-ден 23:00-ге дейін жұмыс кестесін белгілей отырып, ұжымдық іс-шараларды өткізбестен, бөлек ғимаратта орналасқан қоғамдық тамақтандыру объектілерінің (асханалар, кофейнялар, кафелер) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы маусым айының 25-жұлдызындағы №43-қаулысының талаптарын орындай отырып қызмет жасауын рұқсат беру. Көрсетілген күндер мен уақыттарда жеткізу қызметіне рұқсат етіледі».

11. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

12. Осы қаулы қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігері**



Ж. БЕКШИН